



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

материалы, отчеты по мониторингу и информация научно-экспертных групп регионов), накапливаются тематические информационные материалы.

Актуальным направлением в научных исследованиях представляется и разработка учебников, учебных пособий и программ по этнополитике Казахстана. Высокие требования к качеству исследований, опережающий характер научно-экспертного сопровождения ассамблеи, а также постоянная работа по формированию общественного мнения, укреплению в общественном и массовом сознании идей мира и согласия – главных ценностей и целей динамичного развития, которые ставит Глава государства, являются приоритетом работы Научно-экспертного совета АНК.

Современная политическая жизнь диктует актуальную задачу для казахстанской научно-экспертной работы по межэтническим вопросам. Научно-аналитическая работа в сфере межэтнических отношений сегодня востребована и играет большую роль в воспитании молодого поколения. Главная задача научных аналитиков-экспертов провести исследования, анализировать и прогнозировать ситуацию, на научной основе координировать инновационные механизмы эффективности института Ассамблеи.

Список литературы:

1. Толерантность религий и цивилизаций. Взгляды Фетхуллага Гюлена. / Сост. В.А. Ставицкий, С.И. Табасаранцев. – М.: Экономика, 2013. -303 с.
2. Мир и согласие многонационального Казахстана – основа развития страны - Президент / в ходе рабочей поездки Президента РК Назарбаева Н.А. в Акмолинскую область от 5 сентября, 2003 года // <http://www.nomad.su>
3. Демографический ежегодник Казахстана. Статистический сборник. -Астана, Агентство Республики Казахстан по статистике, 2013. - 840 с.
4. Конституционное право Республики Казахстан / Сост. Ащевулов А. Т.. — Алматы: КазГЮА, 2001.
5. Послание Главы государства народу Казахстана «Нұрлы жол – путь в будущее» от 11.11.2014 года // <http://www.akorda.kz>
6. Садвокасова А.К. Научно-экспертное обеспечение АНК // «Казахстанская правда». – 2013 - 29 октября.

ӘОЖ 321.1 (574) (091)

ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ХАНДЫҚ БІЛІК ИНСТИТУТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Сактаған Айсауле Сериккызы

aisaule_10@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Тарих факультеті, 1 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Оразбаева А.И.

Өткен тарихты таразыласақ, қазақ халқының өз мемлекеттілігін құру жолындағы саяси күресі сан ғасырға созылатын күрделі саяси процесс. Бұл мәселе қазақ халқын құрайтын ежелгі ру-тайпалар кезеңінен бастау алып, Қазақ хандығының құрылуы, оның дамуы, саяси-экономикалық, әлеуметтік және рухани байланыстары халықтың саяси мінез-құлықтың қалыптасу ерекшеліктері уақыттың қатаң сынақтарынан өтті. Осы тұста "Қазақ хандығы" деп аталатын төл мемлекетіміз саяси-әлеуметтік және мәдени-құндылықтарды негізге ала отырып, дәстүрлі қазақ қоғамына тән хандық билік институтын қалыптастырды.

Хандық биліктің негізгі функцияларына экономикадан тыс қайшылықтарды реттеу, ру-тайпалар арасындағы келіспеушіліктерді шешу, әскери-саяси және сот қызметтері жатады. Жалпы билік феномені саяси қатынастардың негізі ретінде ежелден бері зерттеліп келеді. Билік мәселесіне қатысты ауызша, жазбаша көзқарастар мен тұжырымдамалар жетерлік.

Қазақ хандығының саяси жүйесіне, құрылымына көз жүгіртсек, қазақ елінде атқарушы, сот жүргізу сияқты органдар болмаған деп айтуға болады.

Қазақтарда хандық билікке қатысты бірнеше міндеттері болды. Олардың негізгілеріне тоқтала кетсек:

- біріншіден, халықты сыртқы шапқыншылықтардан қорғау;
- екіншіден, ел мен жердің тұтастығын сақтау;
- үшіншіден, экономикадан тыс қатынаста үйлесімдік сақтау;
- төртіншіден, ру, жүз арасында туындаған мәселелерді шешу;
- бесіншіден саяси, әскери және соттық қызмет болды. Айта кететін жай хандық

биліктің ең маңыздысы міндеттерінің бірі ұйымдастырылған қарулы күштің халықты және ұлаң-ғайыр территорияны қорғау.

Көшпелі ортада көрші мемлекеттерімен соғыс жағдайында қазақ хандарының билігі қарапайым халыққа деген ықпалы күшейсе, бейбіт уақытта төмендеген. Сондай-ақ А.И.Тевкелев и П.И.Рычков жасаған тұжырымдамаларына сәйкес қазақтар өздерінің ханы мен қожайындарына бұқаралық жұмыстарды атқаруда бағынбайды. Тек өздерін қорғауда немесе олжаға жету мақсатындағы ұйымдастырылған жорықтар кезінде бағынады. Көне түркі заманынан басталып, Алтын Ордаға ұласқан, одан Қазақ Ордасына жалғасқан ұлы тарихымызда мәнді қоғам және саяси үлгілер мол. Соның бірі - қазақ қоғамында хандық билік орнының маңызы. Жер жүзі халықтарының бұрын-соңғы тарихына қарасак, ордалы жұрттың барлығы дерлік ел билігі әкеден балаға көшетін дәстүрді берік ұстанған. Мұндай дәстүр әулет біржола жойылған жағдайда бұзылған. Әдетте патша, шах немесе халифа дүние салған соң, оның үлкен ұлы билікті өз қолына алған. Кейбір жағдайда тақ мұрагеріне бесікте жатқан нәрестені де сайлаған мысалдар тарих сахнасында көп кездеседі. Мұндай әмір жүргізіуге жоқ әміршілердің тұсында көп жағдайда ханым-ана немесе жақын ірі әулет өкілдері билік еткен. Әрине, билік етудің бұл формасы халықты күйзеліске ұшыратып отырды.

«Қазақ хандығы» деп аталатын ортағасырлық мемлекетімізде билік алмасу формасының өз ерекшелігі болды. Алғашқы қазақ хандарының заманынан бері қарай хандық биліктің мирасқоры сақталып келген, бірақ тікелей әкеден балаға мұралану тәртібі қатаң сақталмаған. Мәселен, хандықтың негізін салушы Керей қайтыс болғаннан кейін оның шөбере інісі Жәнібек, Жәнібектен кейін Керей ханның баласы Бұрындық, Бұрындықтан соң Жәнібектің баласы Қасым хан болған. (1,236-б). Осылай жалғаса береді. 1740 жылы Орта жүздің беделді батыры Нияз Орынбор Губернаторы В.И.Урусовқа сөз арасында былай деген: "хандық билік әрдайым мирасқорлық жолымен, кейде жақын туыстық белгі бойынша беріліп отырды. Бірақ бұл тек хандықты басқаруға икемсіз болған жағдайда жақынын емес, тек лайықтысын отырғызған". (2,155) Қазақ хандығында бұдан кейін хандық биліктің мұрагерлік жолмен көшу салты сирек кездеседі. Мұрагерлік мейлінше демократиялық жолмен шешілген. Мирасқорлық дәстүрінің негізіне меритократия негізге алған. Жалпы тілмен айтқанда дәстүрлі қазақ қоғамында хан тумасымен емес, болмысымен билікке жеткен. Бұл көп жағдайда жаңа сайланған ханның халықтың сүйіспеншілігі мен рахымына ие болуына бір септігін тигізді. Осындай пікірді XVIII ғасырдың танымал неміс ғалымы И.Георгиде қуаттайды. И.Георгидің пайымдауынша: «Қазақтар хандарының ырқына қатты көрінбегенмен ерекше қасиетті тұлға ретінде құрмет тұтады».

Ортағасырлық дерек көздерінде ханның кейбір тұлғары шексіз билікке ие болғандығы айтылады. Кейде олар әулеттің басқа мүшесімен билігін бөлісіп отырды. Өз билігінің қандай дәрежеде болуы ең алдымен ханның жеке қасиеттеріне байланысты еді. Дерек көздерінде билеушілер екі топқа бөлінеді: біріншілері – үлгілі, атақ даңқымен елеулі болғандар. Мысалы, Қасым хан, Есім хан, Тәуке хан және т.б. ал екіншілері – жұрт ішінде ел басқаруға қабілетсіз деп танылған билеушілер. Мысал келтіре кетсек, Темір Мәлік хан, Әзиз хан, Тахир хан, Болат хандардың беделі төмен болған деседі... Тағы бір айта кететін жәйт, Қазақ Хандығында әлеуметтік мәртебені саралауда хандардың генеалогиялық шығу тегі орынды болды. Сондықтан хандық билік тізгінін иемденуде саяси басымдылыққа Шыңғыс

тұқымынан шыққан ұрпақтары қожалық етті. Олар шексіз билік иесі болды десекте болады. Нақ осы тұста генеалогиялық шығу тегіне сәйкес қазақ хандары әлеуметтік топтар арасында ерекше артықшылыққа ие болды.

Қазақ қоғамындағы аға хан институтына қазақ жүздері арасындағы бірлікті нығайту, тұтас қазақ жұртына қатысты мәселелерді реттеп отыру міндеті жүктелді. Қайсыбір деректерде Қазақ хандығының Тәуке ханнан кейінгі билеушісі Қайып Мұхамбет болған (3,18-б.). 1718 жылдың көктемінде Әбілқайыр ханның «Қайып ханның тапсырмасымен соғысуға дайын екендігі» (4,160-б.) жөніндегі мәлімдемесі де Қайыптың бас хан болғандығын растайды. Кейін бұл дәрежеге Әбілқайыр, Абылай қол жеткізеді. Осындай орын алған тарихи жағдайларға байланысты хандық билікте біршама өзгерістерге ұшырады. Қазақстанның саяси жүйесіндегі түрлі билік түрлерінің арасында қатаң тікелей тәуелділіктің орын алмағандығы жөніндегі пайымдаулар жетерлік. Қысқаша айтқанда, Қазақ хандығының мемлекеттілік болмысының пісіп-жетілмегендігі отырықшы-егіншілікті мемлекеттерге тән биліктік жүйе негізінде қарастырудан туындайды.

Бір тұтас Қазақ Ордасының тарихында Керей ханнан Абылай ханға дейін шамамен жиырма хан өтіпті. Солардың барлығы да халықтың қалауы бойынша хан болды. Қазақ Ордасының соңғы ханы да Кенесары да ежелгі сақталған дәстүр бойынша хандық билікке қол жеткізді. Қоғамдық санада хан билігі мемлекеттіліктің, қоғамды ұйымдастыру ісіндегі тарихи сабақтастықтың символы, қауіпсіздік пен игіліктің нышаны ретінде қабылданды. Бұл - сонау Түрік қағанаты заманынан бері келе жатқан хан мен халық тұтастығының бір көрінісі болатын. Ежелгі түрік қағанаты заманынан, V ғасырдан жеткен нақты деректерге қарағанда, қағанаттың төртінші әмірі Мұған қаған тақ билігі ағадан ініге, одан соң ағаның баласынан інінің баласына көшетін дәстүрді заң жүзінде негіздепті (5, 15-16 бб.)

Ғасырлар бойы сақталып келе жатқан «Ханға қарсылық, құдайға қарсылық», «Хан баласы көпір болса, басып өтпе» дейтін ұғымдар хан тұқымының ерекше әлеуметтік құқығы ғана емес, хандық биліктің қасиеттілігін ел санасына алатын маңызын көздейді. Бұдан хан билігі идеологиялық тұрғыда негізделіп, қоғам санасынан берік орын алады. Сондай-ақ, дәстүрлі қазақ қоғамының басқару жүйесіне тән «Дала демократиясы» (6) принциптерінің шынайы іске асуының дәлелі ретінде «хан талау» сияқты әдет-ғұрыпы кең мағынада тарих сахнасында етек жайды. «Хан талау» салты – таққа мінген хан ғана емес, ел билеген кез келген әміршінің адамшылықтан аттамауының кепілі болды. «Хан талау» аяқ астынан, оқыстан жасалмаған, әуелі әміршінің, бек пен төренің оған қылықтары, мұнын қазақ қоғамының жөн-жорылғысымен сыйыспайтынын жағдайда жасалды. «Хан талау» қазақ қоғамында өте сирек болса да, ерекше жағдайларда ғана әділеттілікті, теңдікті, халықтың ар-намысын бұзылған құқығын қалпына келтіру тұрғысында қолданылды. Мысалы, хан өзіне көрсетілген халықтың сенімін ақтамай, ел басқаруда дарындық көрсетпей, әділетсіздікке жол беріп, озбырлыққа, зорлық-зомбылыққа барған жағдайда барлық мүлкін өзінің халқына тарату тиіс болған. Сонымен, «хан талау» салты аяқ астынан, стихиялық түрде жүргізілген жоқ, ең алдымен билеуші ханға оның теріс іс-әрекеті жөнінде алдына ала бетіне басыла дәлелдеу мақсатында жүргізілген шаралардың бірі. Тарихымызға жүгінсек, мұндай жағдай хан талау XVIII аяғында Жобалай руын билеген төре тұқымы- Керейдің басынан өткен еді. (5,24 б.) Атап айту керек, «Хан талау» - жанға емес, малға қатысты рәсім. Жан – сауға, бірақ талауға түскен төре бар биліктен айрылады, енді қайда барса да, абырой таппайды, қарауындағы халқымен санаспаған әміршінің оңбайтынын әйгілеген тірі өлік кебінде жүре береді. Бұл аяусыз, бірақ жора ел ішіндегі екінші мәртебелі әміршілерге қатысты болса керек. Бірақ халыққа жақпаса, ханды да қатер үйірлеген. Бұл орайда ханды талақ ету рәсімі іске қосылған. Мәселен, 1530 жыл шамасында бүкіл қазақ қоғамы ымырасыз қаталдығымен жұрттың титығана жеткен, парықсыз билігі, дарынсыз қолбасылығымен ұлысты ауыр халге түсірген Тайыр ханнан жеріп шығады. Төңірегіндегі халқы түгел көшіп кеткен. Тайыр айдалада қалады, ақыры қазақтармен бір Орда құрамындағы қырғызға барып паналайды. Әйтсе де бұл – біздің тарихымыздағы кездесетін мысалдың бірең-сараңы.

Қазақ Ордасының хандары өздерін көкке көтерген, ауыр міндет арқалатып, сенім

білдірген халқына қаяусыз қызмет етті. Қажыр – қайратын аямады, жаннан кешті, қанын төкті, туған елінің мерейінен бөтен мұраты болған жоқ. Мұның басты сыры – қазақ әміршілерінің іріктеу жолымен, сайлау негізінде хан көтерілуіне байланысты. «Қырық кісінің ақылы бар» деп, халық тандап сайлаған хан өз жұртының алдындағы жауапкершілігін сезінумен қатар, қылдан тайса, сол жұрт алдында есеп беретінін де басқалардан жақсы білетін.

Қазақ халқы бұлыңғыр заман, тайғақ кешулердің бәрінен аман – есен өтіп, бүгінгі күнге жетті. Бұл – қазақ қоғамының өміршеңдігінің нәтижесі. Орталық Азиядағы Алтын Ордадан соңғы ең байтақ ұлыс Қазақ Ордасының өткен тарихының асыл қазыналарының қастерлеп сақтау және одан әрі өрістету арқасында біздің ұлы халқымыз өзінің берік мемлекеттік жүйесін қалыптастырғанын көреміз. Соның өзекті бір саласы дәстүрлі қазақ қоғамында хандық билік институтының қалыптасуы, жоғалғанымызды түгендеп, барымызды баптап, көгімізге көтерер мүмкіндікте Егемен ел атанып, хандық биліктің маңызын жас ұрпаққа ұғындырып жеткізу. Қазақ хандығының 550 жыл мерей тойының қарсаңында Қазақ хандығының құрылуы, хандары, және оның ішінде хандық билік институтының ерекшелігі сияқты мәселердің қарастырылып жатуы үлкен жетістік. Дей келе, хандық билік институтының дәстүрлі қазақ қоғамында алар орны мен маңызы ерекшеліктерін терең зерттеу ісін жалғастыру біз, зерттеушілердің жаңа ұрпағының алдында тұрған үлкен міндеттердің бірі деп ойлаймыз.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Нығмет М. Қазақтың қысқаша тарихы. Алматы, Жалын баспасы, 1994.
2. Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золотой Орды. М., 1973. Казахско-русские отношения. М-Л.,
3. Казахско-русские отношения. Вып. 1. Док. 15. С. 18
4. Памятник Сибирской истории XVIII века. Т. II. С. 160
5. Ата салтыңды аяла. Құрастырған Наурызбай Ақбаев. Алматы, «Ана тілі», 1998.
6. Оразбаева А.И. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. Алматы, Дайк-Пресс, 2004.

ВЕЛИКАЯ ОТЕЧЕСТВЕННАЯ ВОЙНА В ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ: КАК СОХРАНИТЬ И КАК ПЕРЕОСМЫСЛИТЬ?

Сулейменов Арман Муратович,

магистрант 1 курса исторического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

Накануне великой даты, 70-летия Победы, хотелось бы поднять такие два вопроса – как сохранить в нашей памяти такое событие как Великая Отечественная война и как ее переосмыслить? Почему я поднял такие вопросы? Попробую объяснить.

Одной из проблем казахстанского общества, на которую стоит обратить внимание, является проблема исторической памяти о Великой Отечественной войне. Важно изучить то, как память людей выражает себя сегодня в знаниях, суждениях и представлениях. Сегодня многообразие и разноплановость предоставляемой информации не просто откладывают отпечаток на историческую память населения, но и формируют ее, тем самым внося противоречия.

А что общество и государство предпринимает для сохранения памяти о войне для будущего поколения? Что знают о Второй Мировой войне, о Победе наши школьники? Какой вклад вносит казахстанская историческая наука в исследование этой проблемы? Почему сейчас происходит переоценка многих исторических событий прошлого века, в том числе и Великой Отечественной войны? Что еще мы можем ожидать в условиях глобализирующегося мира? Сегодня нам надо задуматься над данными вопросами, попытаться как-то осмыслить